



20-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Л.С. Выготский ілімі бойынша адам
психикасының мәдени-тарихи дамуы





Бұл дәрісті біз Лев Семеновичтің іліміндегі маңызды тұжырым – адам психикасының мәдени-тарихи даму мәселесіне арнаймыз.

Сөз функциясы— әлеуметтік функция, сондықтан да сөздің жеке тұлғаның мінез-құлқында бұрын қалайша қызмет ететіндігін көргіміз келсе, оның адамдардың әлеуметтік мінез-құлқында бұрын қалайша қызмет еткендігін қарастыруымыз қажет дейді автор. Лев Семенович өз еңбегінде бірнеше зерттеулерге жүгінеді. Жанэ бойынша, сөз алғашында басқаларға берілетін бұйрық ретінде болған, кейіннен ғана еліктеулерден, қызметтердің өзгеруінен және тағы басқалардан тұратын күрделі тарихтан өтіп, біртіндеп әрекеттен алшақтаған. Жанэнің айтуы бойынша, сөз — әрқашан да бұйрық, сондықтан ол мінез-құлықты игерудің негізгі құралы. Сол себептен де генетикалық тұрғыда сөздің ерікті қызметінің қайдан пайда болатынын, неліктен сөз өзіне моторлы реакцияны бағындырып алатынын, сөздің мінез-құлыққа әмірі қайдан пайда болатынына көзімізді жеткізу үшін онтогенезде де, филогенезде де әмір жүргізудің шынайы қызметін білу керек. Жанэ сөздің психикалық функцияларға деген әмірінің астарында басшы мен қоластындағылардың шынайы әмірі тұрғандығын айтады, психикалық функциялардың қатынасы генетикалық тұрғыда адамдар арасындағы шынайы қатынастарға жатқызылуы тиіс. Бөтен адамның мінез-құлқын сөз арқылы реттеу әрекеті біртіндеп жеке тұлғаның өзінің вербальданған сөз арқылы қалыптасқан мінез-құлқын қалыптастыруға әкеледі. Бірақ сөйлеу әлеуметтік байланыс пен жеке тұлғаның мәдени мінез-құлқының орталық функциясы. Сондықтан да жеке тұлғаның тарихы ерекше үлгі боларлықтай және сыртқыдан — ішкіге, әлеуметтіктен дербес қызметке ауысу осы тұста анық байқалады дейді автор. Уотсонның ішкі сөйлеудің сыртқы сөйлеуден маңызды ерекшелігін, біріншісінің бейімделудің әлеуметтік формаларына емес, дербес түрлеріне қызмет ететіндігінен көруі тектен-тек емес.

Егер біз әлеуметтік қатынас құралдарына жүгінетін болсақ, адамдар арасындағы қатынастардың да екі жақты болатындығына көзіміз жетер еді. Адамдар арасында әрі тікелей, әрі жанама байланыстар да кездесуі мүмкін. Тікелей қатынастар мәнерлі қозғалыстардың және әрекеттердің инстинктивті формаларының негізінде жасалады. Келердің сипаттауы бойынша, бір маймылдың екіншісінің онымен бірге жүруіне ниет білдіруінде оның көзіне қарап, итермелеп, құрбысын иландырғысы келген әрекеттерді жасай бастауы әлеуметтік сипаттағы тікелей байланыстың классикалық үлгісі. Шимпанзенің әлеуметтік мінез-құлқының сипаттамаларында бір жануар екіншісіне әрекеттер арқылы не болмаса инстинктивті автоматты, мәнерлі қозғалыстар арқылы әсер етуінің көптеген мысалдарын келтіруге болады. Байланыс жанасу, дыбыс шығару, айғайлау, көзқарас арқылы жасалады. Балада әлеуметтік Байланыстың ерте формаларының бүкіл тарихы осы тектес мысалдарға толы, бұл жерде де біз айғайлау арқылы, жеңнен ұстау, көзқарас арқылы жасалатын контактіні көре аламыз.

Алайда дамудың неғұрлым жоғары сатысында адамдар арасындағы жанама қатынастар көрінеді. Соның көмегімен іске асырылатын қарым-қатынастағы таңба осындай қатынастардың мәнді белгісі болып табылады. Қарым-қатынастың таңбамен жанамаланған жоғары түрі тікелей қарым-қатынастың табиғи түрлерінен шығып жетілетіндігі айдан анық. Сонымен, еліктеу және адамдар арасындағы функциялардың бөлінуі — жеке тұлғаның өз функциясының модификациясы мен трансформациясының негізгі механизмі. Егер біз еңбекті іс-әрекетінің бастапқы формасы деп қарастыратын болсақ, ондағы орындау және басқару функцияларының бөлінетіндігін көре аламыз.

Баланың бүкіл мәдени дамуы негізгі үш сатыдан өтеді. Мысал ретінде бала тілінің дамуындағы елеулі рөл атқаратын және жалпы мінез-құлықтың барлық жоғары формаларының көне негізі болып табылатын сілтеу қимылының даму тарихын қарастырып өтейік. Алғашында сілтеу қимылы (ымы) затқа бағытталған және сәтсіз қармау әрекеті ретіндегі болашақ әрекетті көрсететін қозғалысы болып табылады. Бала тым алыста тұрған затты ұстауға әрекеттенеді, оның затқа созылған қолдары көтерілген қалпында қалып қояды, ал бармақтары сілтеу қозғалыстарын жасайды. Бұл жағдай әрі қарай дамудың бастауы. Осы тұста біз шартты түрде өзіндік сілтеу ишарасы деп атаған сілтеу қозғалысы пайда болады. Мұнда объективті түрде тек затқа сілтейтін бала қозғалысы ғана бар.

Анасы балаға көмекке келіп, оның қозғалысын сілтеу ретінде түсінгенде ғана жағдай түбегейлі өзгереді, сілтеу басқаларға арналған ымға айналады. Баланың сәтсіз қармау әрекетіне зат тарапынан емес, басқа адам тарапынан реакция пайда болады. Осылайша сәтсіз сілтеу қозғалысының алғашқы мәні басқалар тарапынан қалыптасады, тек кейіннен бала сәтсіз сілтеу қимылын бүкіл объективті жағдаймен байланыстырғанда ғана, ол осы қозғалысқа сілтеу қимылы ретінде қарай бастайды.

Мұнда қозғалыстың өзіндік қызметі өзгереді: ол затқа бағытталған қозғалыстан, басқа адамға



бағытталған қимылға, байланыс құралына айналады, яғни қармау сілтеуге айналады. Осының арқасында қозғалыстың өзі редуцияланады, ықшамдалады және де біз өзімізге арналған ым (ишара) деп атайтын түрі пайда болады. Алайда бұл қимыл өзіне арналған ымға айналуы үшін, алдымен, басқалар үшін қажетті барлық объективті функцияларға ие болуы керек, яғни айналадағы адамдар бұл қозғалысты сілтеу ретінде ойланып түсінуі қажет. Бала, осылайша, өз ишарасын ең соңынан түсінеді. Оның мәні мен функциялары объективті жағдайлармен, кейіннен айналадағы адамдар көмегімен жасалады. Сілтеу ишарасы басында басқалар түсінетін қозғалысты білдіріп, тек кейіннен ғана бала үшін сілтеуге айналады.

Осылайша, біз басқалар арқылы өз-өзімізге келеміз және де бұл бүтіндей жеке тұлғаға ғана емес, әрбір жекелеген функцияның тарихына да қатысты дейді автор. Лев Семеновичтің таза логикалық формада анықталған мәдени даму процесінің мәні де осында. Жеке тұлға басқаларға нені ұсынғанына байланысты өзі үшін соған айналады. Міне, дәл осы жеке тұлғаның қалыптасу процесі болып табылады. Мұнда психологияда тұңғыш рет сыртқы және ішкі психикалық функциялардың арақатынасының бүкіл маңыздылығы көрінеді. Осы тұста қандай қажеттіліктен жоғары функциялардағы барлық ішкінің сыртқы болғандығының мәні, яғни бұрын басқалар үшін, қазір өзіне айналғаны ашыла түседі. Кез келген жоғары психикалық функция міндетті түрде дамудың сыртқы сатысы арқылы өтеді, өйткені функция алғашында әлеуметтік болып табылады. Выготский барлық сыртқы және ішкі мінез-құлық мәселесінің түйінін осылай көрсетеді.

Лев Семенович үшін «сыртқы» процесс дегеніміз — бұл әлеуметтік процесс. Кез келген жоғары психикалық функцияның сыртқы болуы — ішкіге, психикалыққа айналмас бұрын, алдымен кезінде екі адамның әлеуметтік қатынасының болуында. Өз-өзімізге әсер ету құралы алғашында басқаларға әсер ету құралы немесе басқалардың жеке тұлғаға әсер ету құралы болып табылады. Біртіндеп баланың сөйлеу функцияларындағы дамудың үш негізгі формасының алмасып отыруын байқауға болады дейді автор.

Ең алдымен сөздің мағынасы, яғни затқа қатынасы болуы тиіс, сөз бен оның мағынасының арасында объективті байланыс болуы керек. Ондай байланыс болмаған жағдайда сөздің әрі қарай дамуы мүмкін емес.

Әрі қарай сөз бен зат арасындағы объективті байланысты ересек функционалды түрде баламен қарым-қатынас жасау құралы ретінде пайдалануы тиіс.

Кейіннен тек сөз ғана баланың өзі үшін түсінікті болмақ. Осылайша, сөздің мағынасы алғашында объективті түрде басқалар үшін тіршілік етіп, кейіннен ғана баланың өзі үшін қызмет ете бастайды. Ересектің баламен сөздік қарым-қатынасының барлық негізгі формалары кейіннен психикалық функцияларға айналады.

Выготский мәдени дамудың жалпы генетикалық заңын былай тұжырымдайды: баланың мәдени дамуындағы кез келген функция екі рет: алғашында әлеуметтік, кейіннен психологиялық тұрғыда, алдымен адамдар арасындағы интерпсихикалық категория ретінде, кейін баланың ішкі дүниесінде интрапсихикалық категория ретінде көрінеді.

Бұл ырықты зейінге де, логикалық еске де, ұғымдардың қалыптасуына да, еріктің дамуына да бірдей қатысты. Аталған көзқарасты Выготскийдің заңы ретінде қарастыруымызға толығымен болады.

Бірақ сыртқының ішкіге айналуы процестің өзін де трансформациялайды, оның құрылымы мен функцияларын да өзгертеді. Барлық жоғары функциялардың, олардың қатынастарының астарында генетикалық тұрғыдан әлеуметтік қатынастар, адамдардың нақты қатынастары жатыр. Выготский сондықтан да баланың мәдени дамуының тарихын қарастырудың негізгі нәтижесін мінез-құлықтың жоғары формаларының социогенезі деп атайды.

Выготский іліміне қатысты «әлеуметтік» сөзінің мәні зор. Ең алдымен, ол кең мағынада, мәденидің барлығы әлеуметтік болып табылатынын көрсетеді. Мәдениет өзі адамның әлеуметтік өмірі мен қоғамдық іс-әрекетінің өнімі болғандықтан, мінез-құлықтың мәдени даму мәселесінің көтерілуі бізді тікелей әлеуметтік даму жоспарына енгізеді. Келесі кезекте организмнен тыс орналасқан белгі де, құрал сияқты, жеке тұлғадан тысқары жатыр және де шын мәнінде әлеуметтік құрал ретінде қызмет ететінін көрсетуге болар еді. Выготский барлық жоғары функциялар биологияда немесе таза филогенездің тарихында қалыптасқан жоқ, ал жоғары психикалық функциялардың негізінде жатқан механизмнің өзі әлеуметтіктің көшірмесі деп айтады. Барлық жоғары психикалық функциялар — әлеуметтік ретіндегі интериоризацияланған қатынастар, жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымының негізі. Олардың құрамы,



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Л.С. Выготский ілімі бойынша адам психикасының мәдени-тарихи дамуы

генетикалық құрылымы, әрекет ету тәсілі — бір сөзбен айтқанда, олардың бүтіндей табиғаты әлеуметтік. Тіпті психикалық процестерге айналуының өзі де квазиәлеуметтік болып қала береді. Адам өзімен-өзі қалғанда да қарым- қатынас функцияларын сақтайды.

Лев Семенович адамның психикалық табиғаты — жеке тұлғаның функциясы мен оның құрылымының формаларына, ішкіге айналған қоғамдық қатынастарының жиынтығы дейді. Мәдени даму тарихында бақыланған және тікелей балаларға қатысты мәселеге байланысты негізгі заңдылықтарды көрсететін айтылған ойларға байланысты, Выготский жоғары психикалық, функциялардың, мысалы сөз функциясының, алдымен бөлек болып, адамдар арасында үлестірілген, кейіннен жеке тұлға функциясына айналғандығын көрсетеді. Дербес деп түсінілетін мінез-құлықта мұндай жағдайдың орын алуы мүмкін емес.

Лев Семеновичтің талдауының бірінші міндеті — ұжымдық өмір формаларынан дербес реакция қалайша пайда болатындығын көрсету. Ол Пиажеден бөлек, даму әлеуметтенуге емес, қоғамдық қатынастардың психикалық функцияларға айналуына әкеледі деп тұжырымдайды. Сондықтан да бала дамуындағы бүкіл ұжым психологиясы да мүлдем басқа қырынан танылады. Әдетте, бізден қайсыбір баланың өзін ұжымда қалай ұстайтынын сұрайды. Ал біз ұжымның кез келген балада жоғары психикалық функцияларды қалай қалыптастыратын туралы сұраған дұрыс дейді автор.

Мәдениет ештеңе де жасамайды, ол табиғи берілгендерді адамның мақсаттарына сай өзгеріске ұшыратады. Сондықтан да кемістігі бар баланың мәдени даму тарихы негізгі дефектінің немесе баланың кемістігінің әсерінде болатыны заңды. Оның табиғи қорлары — мінез-құлықтың жоғары мәдени тәсілдері құралатын қарапайым процестері — еш мәні жоқ және кедей, сондықтан да мінез-құлықтың жоғары формаларының пайда болуы мен жеткілікті түрде толық даму мүмкіндіктері осындай балада мінез-құлықтың басқа да мәдени формаларының негізінде жатқан мәліметтердің кедейлігінен жабылып қалатыны жиі кездеседі. Айтылған ерекшелік жалпы дамуы тежелген балаларда, яғни ақыл-есі кем балаларда тым айқын көрініс береді. Мінез-құлықтың мәдени формаларының негізінде қарапайым байланыстардан тұратын айналма жол жатқанын есімізге түсірейік. Мінез-құлықтың жоғары формаларының осындай таза ассоциативті құрылымы, олардың қалыптасатын негізі, олар азық ететін фон ақыл-есі кем балаларда о бастан-ақ әлсіреген.

Мәдени даму процесінде баладағы бір функциялардың екіншіге алмасып отыруы айналма жолдардың салынуы қалыпты дамудан ауытқыған бала дамуының мүлдем жаңа мүмкіндіктерін аша түседі. Егер де осындай бала бір нәрсеге тура жол бойымен жете алмаса, айналма жолдардың дамуы оның орнын толтырудың негізіне айналады. Бала тікелей жете алмағанын бұрма жолдарда жүзеге асыра алады. Функциялардың алмасуы — қалыпты дамудан ауытқыған баланың бүкіл мәдени дамуының негізі және емдік педагогика мәдени дамудың орнын толықтырушы мәні мен осындай айналма жолдардың мысалына толы дейді автор.

Мінез-құлықтың мәдени формалары құрылымының негізін жанама іс-әрекет, мінез-құлықтың әрі қарай дамуын қамтамасыз ететін құрал ретіндегі сыртқы белгілердің қолданылуы құрайды. Осылайша функцияларды бөлу, белгіні қолдану бүкіл мәдени дамуда аса маңызды мәнге ие. Қалыпты дамудан ауытқыған баланы бақылаулар көрсеткендей осы функциялардың зақымданбаған күйде сақталуы баланың азды-көпті жағымды компенсаторлық дамуын қамтамасыз етеді, ал олар тежелген немесе зақымданған жағдайда баланың мәдени дамуы да дұрыс болмайды. Осы тұста Лев Семенович қалыпты дамудан ауытқыған баланың мәдени дамуының ерекшелігі жайлы ескертулерімізді түйіндейтін негізгі қорытындыны жасайды. Ақыл-ой кемдігінің асқынуы, біріншіден, мидың органикалық тұрғыда толық жетілмеуі салдарынан пайда болатын мәдени дамудың толық жетілмеуі ретіндегі анайылық болса, екіншіден, қандай да бір дәрежеде еріктің толық жетілмеуі өзімізді және өз мінез-құлқымыздың процестерін меңгерудің инфантильді сатысындағы тежелу болып табылады.

Ендігі кезекте жоғары психикалық функциялар дамуының кейбір мәселелеріне тоқталып өтейік, оларды қарастыру бізді балалар психологиясы мен педагогикалық психологияның негізгі мәліметтеріне жақындастырады.

Бірінші белгі кез келген өзгеріс кезінде дамып келе жатқан құбылыстың негізінде жатқан субстраттың сол күйінде қалуында. Екінші жақын тұрған белгі мұндағы кез келген өзгерістің белгілі дәрежеге дейін ішкі сипатта болуында. Тұтастық — бүкіл даму процесінің тұрақтылығы ретінде дамудың өтіп кеткен сатысы мен осы шақтағы өзгеріс арасындағы ішкі байланыс — даму ұғымына кіретін екінші негізгі белгі.



Осы көзқарас негізінде балалар психологиясында баланың мәдени тәжірибиесін даму актісі ретінде қарастырудан ұзақ уақыт бойы бас тартып келді дейді автор. Әдетте, іштегіні — даму, ал сырттағыны үйрету, тәрбие деп қарастырады, өйткені өзінің арифметикалық функцияларында табиғи түрінде жетілетін бала табиғатта жоқ, ал бала мектеп жасына жеткенде немесе біршама ерте кезеңде ол айналасындағы адамдардан сырттай арифметикалық ұғымдар мен операциялардың қатарын қабылдайды. Осылайша біз 8 жаста қосу мен алу амалдарын, ал 9 жаста көбейту мен бөлу амалдарын меңгеруін бала дамуының жаратылысына тән нәтижесі деп айта алмаймыз, ол ішкі даму процесі емес, ортадан туындайтын сыртқы өзгерістер ғана. Алайда баланың мәдени тәжірибесінің қалайша жинақталатындығын тереңнен зерттеу мынаны меңзейді: белгілі өзгерістерге, даму ұғымына сәйкестендіруге болатын маңызды белгілердің бірқатары осы жағдайда кездеседі дейді автор.

Мәдени тәжірибенің кез келген жаңа формасы организмнің дәл осы мезеттегі даму жағдайынан тыс жай ғана сырттай көрініс бермейді, организм сыртқы әсерлерді мінез-құлық формаларының бірқатарын меңгере отырып, өзінің психикалық дамудың қай сатысында орналасқанына байланысты оларды ассимиляциялайды. Дененің жетілуіндегі тамақтануды еске түсіретіндей жағдай жүзеге асады, яғни қайсыбір сыртқы заттар, сыртқы материал меңгеріледі, бірақ ол өз организмінде өңделіп, ассимиляцияланады. Мысалы, арифметиканың мәдени формаларын білмейтін бала мектепке келіп, төрт амалды оқи бастады делік. Сонда төрт амалдың меңгерілуі даму процесі іспеттес жүретіндігімен, ол баланың мектеп табалдырығын аттағандағы арифметикадағы білімдерінің бар болуымен анықталатындығын дәлелдеуге бола ма деген сұрақ туындайды. Осы жағдайда арифметикадағы білімі дамығандықтан, 7—8 жастағы бала алғашқы рет осындай операцияны меңгере алуға мүмкіндігі бар екенін түсінуге болады, 1—3 сыныптағы балаларды қарастыра отырып, біз 2—3 жыл бойында балада негізінен мектепке дейінгі натуралды арифметиканың ізі сақталатындығын көреміз.

Сол сияқты бала мектепте басқа сырттай түрлі операцияларды меңгеретіндей көрінгенімен де, кез келген жаңа операцияның меңгерілуі қашан да даму процесінің нәтижесі болып табылады. Оған көзімізді жеткізу үшін эксперимент түрінде мінез-құлықтың тіпті сырттан меңгеруге болатын кез келген жаңа формасының түрлі ерекшеліктерге ие екендігін көрсеткен жеткілікті. Егер де біреу қандай да бір мәдени операцияның, бірден оның неғұрлым дамыған сатысында меңгеру мүмкіншілігін эксперимент жүзінде көрсеткен болса, мұнда даму емес, сырттай меңгеру, яғни таза сыртқы әсерлер негізінде туындайтын өзгерістердің сөз етіліп отырғандығын дәлелдеуге болар еді. Эксперименттер негізінде мәдени бала, тіпті вундеркинд те операциялардың дамуында оның бірінші және екінші сатыларын өтпей тұрып, бірден соңғысын меңгере алмайтындығын айтамыз. Басқаша айтқанда, жаңа мәдени операцияны енгізудің өзі іштей бір-бірімен байланысты және бірі екіншісіне өтіп отыратын бірнеше бөліктерге, кезеңдерге бөлініп кетеді.

Осымен дәрісімізді қорытындылай келе, адамның бейімделуі табиғатпен күресінің негізгі түрлеріндегі дамудың зоологиялық түрі тарихи түрінен біршама ерекшеленетіндігін білеміз. Бірінші жағдайда организм анатомиялық өзгерістерге ұшырап, биологиялық даму құрылымының органикалық өзгерістерінің негізінде жүріп отырса, адамзат тарихында адамның табиғатқа бейімделу формаларының қарқынды дамуы ондай түбегейлі органикалық өзгерістердің қатысуынсыз жүріп отырады.

Қосымша әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Диагностика развития и педологическая клиника трудного детства. // Выготский Л.С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.5. – М.: Педагогика, 1983.
2. Выготский Л.С. Динамика умственного развития школьника в связи с обучением. // Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М.: смысл, Эксмо, 2004.
3. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка. // Психология развития. – СПб: Питер, 2001.
4. Выготский Л.С. Инструментальный метод в психологии. // Выготский Л.С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.1. – М.: Педагогика, 1982.
5. Выготский Л.С. Исторический смысл психологического кризиса. // Выготский Л.С. Собр. соч. В 6-ти т. Т.1. – М.: Педагогика, 1982.